



ВАКАНСИЯ

Қазақстандағы Goethe-Institut ресепшионист лауазымына ынталы қызметкер іздейді Жұмыспен қамту: 100%

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 25.03.2026

Қазақстандағы Goethe-Institut **күндізгі ауысымға 31.03.2027 жылға дейінгі мерзімге ресепшионист лауазымына ынталы қызметкер** іздейді.

Негізгі міндеттері мынадай:

- Институтқа келушілерді қарсы алу, қоңырауларға жауап беру, қоңырауды бағыттау, сондай-ақ қабылдау аймағын тиісті бақылауда ұстау
- Келушілер мен клиенттерге институттың жұмысы жайлы, әсіресе тіл бөлімі қызметі (тіл курстары мен емтихандар) жайлы ақпарат беру
- Электрондық хаттарға жауап жазу немесе оларды жауапты қызметкерлерге бағыттау
- Қабылдау аймағының ретті болуын қамтамасыз ету
- Қызметкерлердің жұмыс орнына келгені немесе келмегені жайлы тізім жүргізу және жаңартып отыру
- Оқу-жаттығу және төтенше жағдайлар кезінде дабыл және ескерту жүйелерін пайдалану
- Институттың мастер-кілттерін үнемі бақылауда ұстау

Төмендегідей процестерге қолдау жасау:

- Төтенше жағдайда эвакуация процестерін үйлестіру
- Кіреберістегі ақпарат тақталардағы мәліметтерді жаңарту және күтіп ұстау
- Қонақтарды күтіп алу
- Емтихан өткізуге көмектесу (мысалы, қатысушыларға нұсқау беру)

Қойылатын талаптар:

- Қазақ, орыс және неміс тілін жақсы меңгерген
- Кішіпейіл, сыпайы және ашық мінезді
- Кеңсе жұмысына байланысты қауіпсіздік ережелерін білетін
- Клиенттерге қызмет көрсету саласында жұмыс тәжірибесі бар
- MS- Office пакетін жақсы білетін

www.goethe.de

Өтінішті (резюме, мағынасы толық ынталандыру хатын) **тек электронды түрде, бір PDF файлмен 25.03.2026 ж.** дейін мына мекенжайға жіберуді сұраймыз: personal-almaty@goethe.de

**GOETHE
INSTITUT**

Sprache. Kultur. Deutschland.